

Ж. Ахметжанова, 2-курс

*Ғылыми жетекші — М. Д. Қаражанов, біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау Институтының директоры, құқық бойынша философия докторы (PhD)
(Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.)*

ҚАМАУҒА АЛУДЫҢ КЕЙІР СҰРАҚТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІНЕ

2007 жылы Ата Заңымыздың 16-бабына: «... тек соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады» деген өзгеріс енгізілді. Енді қолданысқа енгізілген жаңа заң тәртібі бойынша тұтқындауға санкцияны тек сот қана бере алады. Бұрын, бұл міндет прокуратура органдарына жүктелген болатын. Соттың қамауға алуға санкция беруінің жолы аталған заңда жаңаша қарастырылып отыр. Қудалау органдары қылмыс жасады деген күдіктіні анықтап, оған өзіндік дәлелдермен ауыр қылмыс жасады деп айып таққан соң оны одан әрі тергеуде ұстауы қажет. Соған байланысты енді айыпкерге бұлтартпау шарасын қолдану керек. Ол үшін арнайы қаулы шығарады да оны барлық іс материалдарымен қоса ұстау мерзімі аяқталғанға дейін он сегіз сағаттан кешіктірмей прокуратураға жолдайды. Прокурор тергеушінің күдіктіге таққан айыптарын, дәлелдерін, оқиға болған жерлерді зерттеген хаттамаларын тексеріп қарайды. Егер ол тергеушінің қаулысымен келіссе, бұлтартпау шарасын қолдап, істі сотқа жібереді. Бұрын қудалау органдары санкция алу үшін бірден прокурорға шықса, енді прокурор арқылы сотқа өтініш түсіреді. Бұл қудалау органдарының өз қызметіне жаңаша сын көзбен қарауына әсер етеді.

Осы ережені сол күйінде 2015 жылдың 1 қаңтарынан жаңа күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі де қолдап келді.

Прокурор, бұрынғыдай, заңдылықтарды қадағалайды. Ал күдікті (айыпталушыны) қамауға алуға санкция сұрау жөніндегі тергеушінің өтінішін қолдау немесе қолдамау туралы мәселені шешу кезінде барлық іс материалдарымен танысуға міндетті. Сонымен қатар, айыпкерден жауап алуға құқылы. Егер күдіктіні одан әрі тергеу қажет деп тапса қамауға алуға санкция беру туралы қаулы шығарады. Онда тергеушінің тұтқындауға санкция сұрағандағы басты негіздерін дәлелдеп және оған неліктен қолдау білдіргендігі туралы заңдылық жағын түсіндіреді. Қаулымен бірге өтініштің негізділігін растайтын қылмыстық істің материалдарын қоса тапсырады. Егер прокурор тергеушінің анықтаған іс дәлелдерімен, өтінішімен келіспесе, онда қамауға алуға санкция беруден бас тарту туралы қаулы шығарады. Прокурор өтінішті қолдаудан бас тартқан кезде айыпкер қамаудан бірден босатылады. Прокурор тергеушінің дәлелімен келіспесе, іс сотқа да жіберілмейді.

Жаңа Қылмыстық-процестік кодекстің жаңалығы, санкция беретін судья ретінде тергеу судьясы табылады. Тергеуші анықтап, прокуратура қолдау білдірген іс уақытылы сотқа түскен соң, сот оны 8 сағаттан кешіктірмей қарауға тиіс. Ол үшін сот отырысына прокурор мен қорғаушы және айыпталушы міндетті түрде шақырылады. Айыпталушының немесе жәбірленушінің өкілдері де сот отырысына қатыса алады. Олардың келмей қалуы сот отырысын өткізуге кедергі болмайды. Жәбірленуші де сот отырысына қатысам деп талап қойса, өз еркі біледі. Қамауға алуға санкция беруге байланысты мәселелерді шешу кезінде сот аталған бұлтартпау шарасын таңдау үшін ескерілетін мән-жайларға қатысты істің материалдарын зерделеумен шектеледі. Прокурор күдіктінің анықталған

айыптылығына сай қамауға алыну себебін дәлелдесе, қорғаушы оның кінәсіздігін алға тартады. Сот екі тарапты да асықпай мұқият тыңдайды. Сосын белгілі болған мән-жайға байланысты не тұтқындауға санкция беру немесе босату туралы шешім шығарады. Ал бұрынғы заң бойынша осындай үлкен маңызды мәселені прокурор жалғыз өзі кабинетінде отырып, күдіктімен бетпе-бет жүздеспей жатып-ақ, тұтқындау санкциясына қол қоя салатын еді. Сонымен, осындай жағдай қамауға алу бұлтартпау шарасын қолдану кезінде адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуын толық қамтамасыз етеді.

Құқықтық мемлекеттегі адам мен азаматтарға белгілі бір күштеу шарасын қолдану заңда көзделген негіздер болған кезде жүзеге асады. Мемлекеттегі мәжбүрлеу шараларын қолдануға қажеттілік, қылмыс жасаған тұлғаға қатысты бұлтартпау шарасы, бұл тек құқықтық тәртіпті орнату үшін ғана емес, заңдылықты қамтамасыз ету үшін және қоғамдағы жеке тұлғаның мүддесін қорғау үшін қажет. Бұлтартпау шарасы сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдікті мен айыпталушыға қылмыстық істі жүргізуші тұлғаның қолданатын күштеу шарасы. Қамауға алу — бұлтартпау шараларының ішіндегі ең ерекше қатал шара және айыпталушының (күдіктіге) бас бостандығын уақытша айырумен байланысты бұлтартпау шарасы.

Сонымен келесі, ұсыныстар жасауды жөн көрдік:

1. Құқықтың түрлі салаларында әртүрлі мағынаны білдіретін бір термин яғни «қамау», «күзетпен ұстау» қолданылады, бұл түрлі түсінбеушілікті тудыртады. «Қамау» термині қылмыстық құқықта, әкімшілік құқығында, қылмыстық атқару құқығында, қылмыстық процесс құқығында қолданғандықтан, біз «тұтқындау немесе тұтқынға алу» терминін ұсынамыз, себебі ол туралы прокуратураның да бұйрықтары айтып келеді.

2. Әрекет етуші ҚПК-де бұлтартпау шараларының нақты анықтамасы берілмеген. Бұл теория мен практикада бұлтартпау шаралар қолданғанда қарама-қайшылықты тудыруы мүмкін. Біз бұлтартпау шарасының келесідей анықтамасын ҚПК-нің 147-бабының 1-бөлігіне енгізуді ұсынамыз: «Бұлтартпау шарасы дегеніміз қылмыс жасаған тұлғаға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қолсұқпаушылық қағидасынан ауытқымай, еріксіз түрде тұлғаға қолданылатын күштеу шарасының бірі».